

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 22 қазандағы № ҚР
ДСМ-148/2020 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2020
жылғы 26 қазанда № 21502 болып
тіркелді

Министерство здравоохранения Республики
Казахстан

Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылдың 7
шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 80) тармақшасына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Медициналық және
фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп
танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар және
көрсеілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан
Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің интернет - ресурсында орналастыруды;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі
« » 2020 жыл

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі
« » 2020 жыл

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 22 қазаны
№ ҚР ДСМ-148/2020
бұйрығына 1-қосымша

Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Р /с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	Ескертпе
Медициналық қызмет үшін			
1.	занды және жеке тұлғалар үшін – мәлімделетін медициналық қызметтің кіші түрлері бойынша бейінді қызметтердің медициналық көмек көрсетуін ұйымдастыру стандарттарына сәйкес келетін, сондай-ақ денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейтін санитариялық қағидаларға сәйкес келетін меншік немесе жалға алу шарты, немесе жылжымайтын мүлікті (несиені) өтеусіз пайдалану шарттары, немесе мүлікті сенімгерлік басқару, немесе мемлекеттік-жекешелік серіктестік шарты құқығындағы үй-жай немесе ғимарат	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	көрсетілетін қызметті беруші меншік құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді құжаттың көшірмесін ұсынатын, бір жылдан кем мерзімге жасалған жалға алу, немесе жылжымайтын мүлікті өтеусіз пайдалану шарттары (несиелер), немесе мүлікті сенімгерлік басқару, немесе мемлекеттік-жекешелік серіктестік шарттарын қоспағанда, «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқорымен интеграцияланған «Жылжымайтын мүлікті тіркеу» мемлекеттік дерекқорынан алады
2.	занды және жеке тұлғалар үшін – мәлімделетін медициналық қызметтің кіші түрлері бойынша бейінді қызметтердің медициналық көмек көрсетуін ұйымдастыру стандарттарына және денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандыру ең төмен стандарттарына сәйкес жұмыс істейтін медициналық және (немесе) арнайы жабдық, аппаратура мен құрал-сайман, аспаптар, жиһаз, мүкәммал, Көлік және басқа да құралдар (қажет болған кезде).	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
3.	жеке тұлғалар үшін - медициналық қызметтің мәлімделген кіші түрлеріне сәйкес тиісті білімі	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметті лицензиялау кезінде	көрсетілетін қызметті беруші медициналық жоғары немесе орта білім туралы мәліметтерді білім туралы құжаттың көшірмесін ұсына-тын, 2015 жылға дейін аяқтаған адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы шегінен тыс аяқтаған адамдарды қос-

		қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	пағанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық жүйесінен (мәліметтер 2015 жылдан бастап) алады
4.	жеке тұлғалар үшін - өтініш берілетін медициналық қызметтің кіші түрлері бойынша соңғы 5 (бес) жыл ішінде мамандандыру немесе жетілдіру және біліктілікті арттырудың басқа да түрлері (құжаттарды тапсыру сәтінде 5 (бес) жылдан кешіктірмей оқуды аяқтаған интернатура, резидентура, орта оқу орнының түлектерін қоспағанда).	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
5.	жеке тұлғалар үшін - санитариялық-эпидемиологиялық бейінді мамандарды қоспағанда, маманның тиісті сертификаты	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	көрсетілетін қызметті беруші маман сертификаты туралы мәліметтерді маман сертификатының көшірмесін ұсынатын, 2014 жылға дейін алған адамдарды қоспағанда, «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқорынан алады
6.	заңды тұлғалар үшін - осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес медицина қызметкерлері туралы мәліметтермен расталатын медицина қызметкерлерінің штаты	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
7.	жеке тұлғалар үшін - медициналық қызметтің мәлімделген кіші түрлері бойынша мамандығы бойынша кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік та-	Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлердің бейіндері және маманның еңбек шарттарын есепке алу мәліметтерін (олар бар болған жағдайда), Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесінен алады

		лаптарына сәй- кестігі туралы мәліметтер	
Фармацевтикалық қызмет үшін			
1.	занды және жеке тұлғалар үшін – дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейтін санитариялық қағидаларға сәйкес келетін меншік немесе жалға алу немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құқығындағы үй-жай немесе ғимарат	осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	көрсетілетін қызметті беруші меншік құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді бір жылдан кем мерзімге жасалған жалға алу немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарттарын қоспағанда құжаттың электрондық көшірмесін ұсынатын «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқорымен ықпалдастырылған «Жылжымайтын мүлікті тіркеу» мемлекеттік дерекқорынан алады
2.	занды және жеке тұлғалар үшін – нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасын бақылауды және оларды өндіру, дайындау, сақтау және өткізу шарттарын сақтауды қамтамасыз етуге арналған жабдық пен жиһаз, мүкәммал, аспаптар мен аппаратура; шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған жылжымалы дәріхана пункті үшін қажет болған жағдайда дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау мен өткізу шарттарын сақтауды қамтамасыз ететін тиісті шкафтар мен тоңазытқыш және басқа да жабдықтары бар автомобиль көлік құралдары	осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
3.	занды тұлғалар үшін – мамандар туралы мәліметтермен расталатын қызметкерлер штаты	осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
4.	занды тұлғалар үшін – фармацевтикалық қызметтің мәлімделген кіші түрлеріне сәйкес тиісті білімі және мамандығы бойынша жұмыс өтілі: 1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шығаратын ұйымдар үшін: - дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шығарумен тікелей айналысатын бөлімшелердің басшыларында жоғары фармацевтикалық немесе химия-технологиялық, химиялық білімі және мамандығы бойынша кемін-	осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын білік-	көрсетілетін қызметті беруші фармацевтикалық жоғары немесе орта білім туралы мәліметтерді (мәліметтер 2015 жылдан бастап) білім туралы құжаттың көшірмесін ұсына-тын, 2015 жылға дейін аяқтаған адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы шегінен тыс аяқтаған адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық жүйесінен алады

де үш жыл жұмыс өтілі немесе медициналық бұйымдарды шығарумен тікелей айналысатын бөлімшелер басшыларының техникалық білімі;

- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасын бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерде жоғары фармацевтикалық немесе химиялық, биологиялық білімі немесе медициналық бұйымдардың сапасын бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлердің техникалық білімі;

- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шығарудың технологиялық процесінде пайдаланылатын жабдықтауға қызмет көрсету жөніндегі маманның техникалық білімі;

2) дәрілік препараттарды дайындауды жүзеге асыратын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы ұйымдар (бұдан әрі - дәрілік препараттарды дайындауды жүзеге асыратын дәріхана) үшін:

- дәрілік препараттарды дайындауды жүзеге асыратын дәріхананың және оның өндірістік бөлімдері басшысының, сондай-ақ дәрілік препараттардың және медициналық бұйымдардың сапасын бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлердің жоғары фармацевтикалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

- дәрілік препараттарды тікелей дайындауды және дайындалған дәрілік препараттарды босатуды жүзеге асыратын қызметкерлердің жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі;

- аудан орталығында және ауылдық жерде жоғары фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда дәріхананың және оның өндірістік бөлімдері басшысының орта фармацевтикалық білімі және кемінде 3 (үш) жыл мамандығы бойынша жұмыс өтілі;

3) дәріханалар үшін:

- дәріхананың немесе оның бөлімдерінің басшысында жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі (мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі);

- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өткізуді жүзеге асыратын мамандардың жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі;

- дәрілік заттарды интернет арқылы саудада өткізу кезінде меншік немесе жалға алу құқығындағы сақтау және тасымалдау процесінде олардың қасиеттерінің өзгеруіне жол бермейтін тәсілмен жүзеге асыратын көліктің болуы;

4) медициналық-санитариялық алғашқы, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункті (бұдан әрі - дәріхана пункті) үшін:

- дәріхана пункті меңгерушісінің, сондай-ақ дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды өткізуді жүзеге асыратын қызметкерлердің жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі (мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі). Дәріханалары жоқ шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған дәріхана пункттерінде фармацев-

тілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер

	тикалық білімі бар мамандар болмаған жағдайда, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін оларды өткізу үшін оқытудан өткен медициналық білімі бар мамандарға рұқсат етіледі. 5) дәріхана қоймасы үшін: - дәріхана қоймасы басшысының жоғары фармацевтикалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі; - дәріхана қоймасы бөлімдері басшыларының және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қабылдауды, сақтауды және босатуды жүзеге асыратын қызметкерлердің жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі; 6) дәріханалары жоқ шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған жылжымалы дәріхана пункті (бұдан әрі - жылжымалы дәріхана пункті) үшін: - жылжымалы дәріхана пункті меңгерушісінің, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өткізуді жүзеге асыратын қызметкерлердің жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі. Фармацевтикалық білімі бар мамандар болмаған жағдайда, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін оларды өткізу үшін оқытудан өткен медициналық білімі бар мамандарға рұқсат етіледі. 7) медициналық бұйымдарды дайындау үшін: жоғары немесе орта фармацевтикалық, медициналық немесе техникалық білімі		
5.	жеке тұлғалар үшін – фармацевтикалық қызметтің мәлімделген кіші түрлері бойынша соңғы 5 (бес) жылда мамандандыру немесе жетілдіру және біліктілігін арттырудың басқа түрлері	осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
6.	жеке тұлғалар үшін – заңды тұлғаны құрмастан, фармацевтикалық қызметпен айналысуға үміткерлердің жеке тұлғалар үшін фармацевтикалық білімі-жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі (үш жылдан кем емес мамандығы бойынша жұмыс өтілі)	осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	көрсетілетін қызметті беруші жоғары немесе орта фармацевтикалық білім туралы мәліметтерді 2015 жылға дейін аяқтаған адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының шектерінен тыс аяқтаған адамдарды қоспағанда, білім туралы құжаттың көшірмесін ұсынатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық жүйесінен (мәліметтер 2015 жылдан бастап) алады



Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық
актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов
Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні	22.10.2020
Сақтау күні	30.12.2024
Дата редакции	22.10.2020
Дата скачивания	30.12.2024



Медициналық және фармацевтикалық қызметке
қойылатын біліктілік талаптарына
1-қосымша

НЫСАН

Медициналық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі
туралы мәліметтер

(денсаулық сақтау субъектісінің атауы) (20__ жылғы «__» _____ жағдай
бойынша)

Мыналардың болуын растайтын мәліметтер:

1. Меншік немесе жалға алу шарты немесе жылжымайтын мүлікті (несиені)
өтеусіз пайдалану шарттары немесе мүлікті сенімгерлік басқару немесе
мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты құқығындағы үй-жайлар немесе
ғимараттар:

1) Кадастрлық нөмірі _____

2) Орналасқан жері _____

3) Жалға алу туралы шарттың нөмірі мен күні _____

2. Медициналық қызметтің мәлімделген кіші түрлеріне сәйкес медициналық
және (немесе) арнайы жабдық, аппаратура мен құрал-саймандар, аспаптар, жиһаз,
мүкәммал, көлік және басқа да құралдар:

Медициналық және (немесе) арнайы жабдық, аппаратура мен құрал-
саймандар, аспаптар, жиһаз, мүкәммал, көлік және басқа да құралдар тізімі:

Р /с №	Медициналық және (немесе) арнайы жабдық, аппаратура мен құрал-сай- мандар, аспаптар, жиһаз, мүкәммал, көлік және басқа да құралдар атауы (паспорты бойынша)	Өн- діру- ші ел	Өл- шем бір- лігі	Са- ны	Шы- ғары- лған жылы	Жағдайы (жұ- мысқа жарам- ды/жарамсыз)

3. Жеке тұлғаларда - медициналық қызметтің мәлімделген кіші түрлеріне
сәйкес тиісті білімі:

Медициналық білімі туралы мәліметтер:

1) Дипломы бойынша мамандығы _____

2) Дипломы бойынша біліктілігі _____

3) Дипломның нөмірі _____

4) Дипломның сериясы _____

5) Білім беру ұйымының толық атауы _____

6) Түскен жылы _____

7) Аяқтаған жылы _____

8) Диплом нострификациясы туралы мәліметтер (қажет болған кезде) _____

4. Жеке тұлғаларда - соңғы 5 жыл ішінде медициналық қызметтің
мәлімделген кіші түрлері бойынша мамандануы немесе жетілдірілуі және
біліктілігін арттырудың басқа да түрлері:

Мәлімделген мамандық бойынша біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

1) Құжаттың нөмірі _____

2) Циклдің атауы _____

3) Оқытудың басталуы _____

4) Оқытудың аяқталуы _____

5) Сағат саны _____

5. Жеке тұлғаларда - маман сертификаты туралы мәліметтер:

1) Маман сертификаты берілген мамандықтың атауы _____

2) Біліктілік санаты (бар болса – көрсету) _____

3) Маман сертификатын берген орган _____

4) Тіркеу нөмірі _____

5) Берілген күні _____

6) Сертификаттың қолданылу мерзімі _____

6. Занды тұлғаларда - медицина қызметкерлері туралы мәліметтермен
расталатын медицина қызметкерлерінің штаты:

Медициналық ұйымның медицина қызметкерлері туралы мәліметтер:

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Атқаратын лауазымы	Білімі	Мамандығы бойынша өтілі
----------	-------------------------	--------------------	--------	-------------------------

1	2	3	4	5

7. Жеке тұлғаларда – мамандығы бойынша медициналық қызметтің
мәлімделген кіші түрлері бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі:

Мәлімделген мамандығы бойынша еңбек қызметі (жеке тұлға үшін)

1. Медициналық ұйымның атауы _____
2. Ұйымның орналасқан жері _____
3. Атқаратын лауазымы _____
4. Мәлімделген мамандық бойынша жұмысқа қабылдау күні _____
5. Жұмыстан шығарылған күні _____

Медициналық және фармацевтикалық қызметке
қойылатын біліктілік талаптарына
2-қосымша

НЫСАН

**Фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі
туралы мәліметтер**

(денсаулық сақтау субъектісінің атауы) (20__ жылғы «__» _____ жағдай
бойынша)

Мыналардың болуын растайтын мәліметтер:

1. Меншік немесе жалға алу немесе мемлекеттік мүлікті сенімді басқару
құқығындағы үй-жайлар немесе ғимараттар:

Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға
алу құқығындағы өндірістік база туралы мәліметтер

- 1) Кадастрлық нөмірі _____
- 2) Орналасқан жері _____
- 3) Жалға алу туралы шарттың нөмірі мен күні _____
- 4) Жалға беруші _____
- 5) Жалға алудың аяқталу мерзімі _____
- 6) Үй-жайдың (ғимараттың) мекенжайы _____
- 7) Жалға алынатын шаршы көлемі _____

2. Нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дәрілік заттар мен медициналық
бұйымдардың сапасын бақылауды және өндіру, дайындау, сақтау және өткізу
шарттарын сақтауды қамтамасыз етуге арналған жабдық пен жиһаз, мүкәммал,
аспаптар мен аппаратура; шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған жылжымалы
дәріхана пункті үшін қажет болған жағдайда дәрілік заттар мен медициналық
бұйымдарды сақтау мен өткізу шарттарын сақтауды қамтамасыз ететін тиісті
шкафтар мен тоңазытқыш және басқа да жабдықтары бар автомобиль көлік
құралы:

Жабдықтар, аппаратура, аспаптар, жиһаз, мүкәммал, көлік және басқа да құралдар тізімі:

Медициналық және (немесе) арнайы жабдық, аппаратура мен құрал-саймандар, аспаптар, жиһаз, мүкәммал, көлік және басқа құралдар атауы (паспорты бойынша)	Өн-діру-ші ел	Өл-шем бірлі-гі	Шыға-рылған жылы	Жағдайы (жұ-мысқа жарамды /жарамсыз)
--	---------------	-----------------	------------------	--------------------------------------

3. Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының мамандары туралы мәліметтер:

Фармацевтикалық қызметті денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының тізімі:

ТАӘ	Атқаратын лауазымы	Білімі, маманды-ғы	Мамандығы бойынша өтілі	Соңғы 5 жылда біліктілігін арттыруы туралы құ-жат
-----	--------------------	--------------------	-------------------------	---

4. Заңды және жеке тұлғаларда фармацевтикалық қызметтің мәлімделген кіші түрлеріне сәйкес тиісті білімі және мамандығы бойынша жұмыс өтілі:

Фармацевтикалық білімі туралы мәліметтер:

1) Мамандығы және біліктілігі _____

2) Жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі туралы дипломның нөмірі _____

3) Жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі туралы дипломның берілген күні _____

4) Оқу орнының атауы _____

5) Жұмыс орны _____

6) Лауазымы _____

7) Еңбек өтілі _____

8) Жұмыс берушінің жұмысқа қабылдау туралы актісінің нөмірі мен күні _____

9) Жұмыстан босату туралы бұйрықтың күні _____

5. Жеке тұлғаларда фармацевтикалық қызметтің мәлімделген кіші түрлері бойынша соңғы 5 жылда мамандануы немесе жетілдірілуі және біліктілікті арттырудың басқа түрлері:

Біліктілікті арттыру туралы мәліметтер:

-
- 1) Қайта даярлаудан өткен мамандығы _____
 - 2) Оқытатын ұйымның атауы _____
 - 3) Куәліктің нөмірі _____
 - 4) Кім берді _____
 - 5) Циклдің атауы _____
 - 6) Сағат саны _____

бұйрығына 2-қосымша**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің күші жойылған
бұйрықтардың тізбесі**

1) «Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 27 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10600 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіде жарияланған);

2) «Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 27 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-41 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18015 болып тіркелген, 2019 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3) «Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 27 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № ҚР ДСМ-25 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18513 болып тіркелген, 2019 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде жарияланған).